Бекітемін:

# ТӘРБИЕ-БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: мектепалды сынып
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспар қай кезеңге жасалды: 02.09–06.09. 2024-25 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі<br>02.09 | Сейсенбі<br>03.09 | Сәрсенбі<br>04.09 | Бейсенбі<br>05.09 | Жұма<br>06.09 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | «Эхо» сәлемдесуі<br>Мақсаты: топта сенім атмосферасын құруды жалғастыру; топтық үйлесімділік пен эмоционалды экспрессивтілікті, зейінді, реакция жылдамдығын дамыту. Әр бала өз атын айтады (Мысалы,Айгүл). Барлық басқа балалар, жаңғырық сияқты, оны қайталайды. ҚР Әнұранын тыңдау. (Қазақ тілі, қоршаған ортамен танысу) | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңестер | Ата-аналармен балалардың қауіпсіздігі,денсаулығы, ауа-райы бойынша киім-кешек, балалардың көңіл-күйі, демалыс күндері туралы әңгімелесу | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел ойындары, бейнелеу өнері, кітап қарастыру және т. б.) | Ағымдағы күнге қызметті бірлесіп жоспарлау<br>«Бізбен бірге болайық!»<br>«Дамытушы лото» үстел ойыны.<br>Трафарет және шаблондармен жұмыс.<br>Кітаптардағы суреттерді қарау.<br>«Гараж» құрылыс ойыны | Аз қимылды ойын<br>«Баяғы заманда қояндар өмір сүріпті».<br>«Магниттік мозаика» үстел ойыны<br>«Сиқырлы бояулар» палитрасындағы түстерді араластыру.<br>Қолөнер бұйымдарын қарау.<br>Табиғат бұрышындағы еңбек тапсырмалары | Аз қимылды ойын<br>«Мысық тырнағымен тырнайды»<br>«Түрлі-түсті әлем» үстел ойыны.<br>«Түрлі-түсті өрнектер» сурет салу техникасын жетілдіру.<br>Көкөністер мен жемістердің муляждарын зерттеу | «Лото» қауымдастығы» үстел ойыны.<br>«Сиқырлы пластилин (мүсіндеу әдістерін дамыту).<br>«Егін» тақырыбындағы тақырыптық суреттерді қарау.<br>Лего-құрастыру бойынша жобалау | Аз қимылды ойын<br>«Әуе шары» шағын ұтқырлық ойыны<br>«Сүйікті ертегілер»үстел ойыны.<br>«Аппликация әлемі» (кенепте қазақ ою-өрнегін жасау).<br>Қазақ халық ертегілеріне иллюстрацияларды қарастыру |
| Таңертеңгілік жаттығу | Таңертеңгілік жаттығулар кешені | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | «Көңіл-күйіңізді айтыңыз» жаттығуы<br>Мақсаты: сіздің көңіл-күйіңізді және басқа балалардың көңіл-күйін | «Мен өз балабақшамды жақсы көремін» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты:қарапайым қарапайым сөйлемдерді | «Үй» құрылыс материалымен ойын<br>Мақсаты: қарапайым ғимараттар мен құрылыстарды құруды | Дидактикалық ойын<br>«Мен кіммін?»<br>Мақсаты: қарапайым тұжырымдар жасау қабілетін дамыту. | Дидактикалық ойын<br>«Не жоғалды?» ойыншықтарды пайдалану<br>Мақсаты: зат есімнің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсінуге үйрету.<br>Артикуляциялық гимнастика «Күлімсіреу», «Тұмсық».<br>Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу. | құрастыруда жаттығу.<br>«Үйшік ашылады» артикуляциялық гимнастика<br>Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, ерінді күлімсіреп, алға қарай созу. | үйрету<br>Саусақ ойыны «Отбасы»<br>Артикуляциялық гимнастиканы кезектестіру «Күлімсіреу», «Тұмсық».<br>«Үйшік ашылады»<br>Мақсаты: дыбысты дұрыс айтуды дамыту, әртүрлі жаттығуларды кезектестіру мүмкіндігі | Шарлармен ойнау «Су-джок» («Кірпі»)<br>Мақсаты: ми қыртысының сөйлеу аймақтарын ынталандыру.<br>Саусақ гимнастикасы «Достық»<br>Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (*қолдың саусақтары өзара бірігеді*)<br>Кішкентай саусақтар біз сені мен достасамыз (*екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу*)<br>Бір, екі, үш, төрт, бес (*шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)* | көпше түріндегі жаттығу.<br>Зияткерлік ойын «Ол қайда?»<br>Кеңістіктегі бағдар<br>Мақсаты: балалардың санау дағдыларын жетілдіру; санды пәндер санымен салыстыруға үйрету |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру<br>Тақырыбы:Дыбыс<br>Балалар көңілді күйде шаттық шеңберіне тұрады.Өлеңді қимылымен айтып, қайталайды.<br>Қуан шаттан, алақай, | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері:Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстар ды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Тақырыбы:Алғашқы күн.<br>Тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін | **1. Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>Тақырыбы:Дыбыс пен сөз.<br>Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады? «Дыбыстың не екенін білесің бе?»деген өлеңді балаларға оқып беру. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері: Фонематикалық естуді дамыту,сөздегі дыбыстардың орнын анықтау.<br>Тақырыбы:Менің досым<br>Армысың асыл күн,<br>Армысың жан досым.<br>Жылуымы жылу қос,<br>Міне,менің қолым. | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау.<br>Тақырыбы:Сөз.<br>«Сөзді өлшеп көрсетейік» дидактикалық жаттығуы. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қуанатын күн келді!<br>Күліп шықты күн бүгін,<br>Қайырлы таң, қайырлы таң, достарым!<br>Балаларды жаңа басталатын «Сауат ашу негіздері»ұйымдастырылған іс-әрекетімен таныстыру және нені үйренетіндерін түсіндіру. Үлестірмелі материалды көрсету, жұмыс дәптерімен жұмыс жасау үшін қолданылатын шартты белгілермен таныстыру.Үстелде дұрыс отыруды, дұрыс қалам ұстауды үйрен. Сымбатты мүсін тек әдемілік үшін емес, ол денсаулыққа пайдалы.<br>Балалар, дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады?Табиғатта түрлі-түрлі дыбыстар бар.Үнтаспадан табиғатта кездесетін дыбыстарды тыңдау.<br>Балалар, құстың шиқылдауы, желдің соғуы, жаңбырдың сылдыры, жапырақ | көріп отырғандарын сұрау.<br>«Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық.<br>Енді «П» дыбысын айтайық. "П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады.балаларға "б","п" дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтқызу.<br>Ба-ба-ба-бала.<br>Бо-бо-бо-бота<br>Бө-бө-бө-бөрік.<br>Табыл-дабыл.<br>Бақа-бақбақ<br>балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құрату.<br>Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру<br>Клуб, штаб, араб, куб;<br>Мектеп, кәсіп, ғажайып, | Дыбыстың не екенін білесің бе?Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1.Өлеңді тыңда. Заттар мен табиғат құбылыс тарының дыбыстарын ата. Жасанды дыбыс шығаратын затты қорша.<br>Балалар өлең жолдарындағы кездесетін заттардың, табиғат құбылыс тарының дыбыстарын ажыратып айтады.<br>Сонымен қатар табиғи емес жасанды дыбыстар бар, олар – адам қолынан жасалған әртүрлі заттар арқылы шығатын дыбыстар. Асхана (*балалар асханада ненің дыбысы естілуі мүмкін екенін айтады: миксер, блендр, газдың, шәйнек*), жуынатын бөлменің суреті (*балалар жуынатын бөлмеден ненің дыбысы естілуі мүмкін екенін айтады: су, себезгі*), зауыт, фабрика, зауыт суреттері (*мотордың гүрілі естілуі мүмкін екенін айтады*), көшенің суреті (*түрлі* | Үнтаспадан Б.Самединеваның орындауында «Достар, достар» әні тыңдатылады.<br>– Балалар, әнде кімдер жайлы айтылған?<br>–Балалар, сендер достар жайлы ән тыңдадыңдар. «Дос» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>Сендердің достарың бар ма? «Адал дос» деген әңгіме оқып беру.Мақал-мәтел жаттау.Досы көпті,жау алмайды.<br>Ақылы көпті,дау алмайды.Дос,доссыз өмір бос<br>Дидактикалық ойын: «Бір сөзбен ата».<br>Ойын шарты: тәрбиеші қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады.<br>Мысалы: әке, ана , аға,тәте – отбасы. | ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады?<br>Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді айтабастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал айтып болысымен сол сәтте тоқтай қалыңдар ( Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз айтылады).<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс<br>1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр?<br>Ойыншықтарды ата.<br>2.Суреттегі заттардың ұзақ және қысқа айтылуына қарай тиісті таспаға қос.<br>Балалар заттарды атайды.<br>Сергіту сәті<br>Адымдаймыз көңілді,<br>Адымдаймыз көңілді,<br>Алға қарай сенімді.<br>Алға қарай сенімді.<br>Тік көтеріп кеудені, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тардың сыбдыры, иттің үруі, қойдың маңырауы бұлар табиғи жолмен жасалған дыбыстар.<br>*«Көрсет» ойын-жаттығуы.*<br>Жылан қалай ысылдайды?<br>Қасқыр қалай ұлиды?<br>Жапырақтар қалай сырдырлайды?<br>Жаңбыр қалай тамшылайды?<br>Ит қалай үреді?<br>«Ненің дыбысы?» ойын-жаттығуы<br>балаларға көздерін жұмып, естіліп тұрған дыбыстарды тыңдау ларын сұрау, допты еденге ұрып ойнайды, есікті ашып-жабады, қоңырауды сылдыр латады, қағазды сыбдырлатады.<br>Дидактикалық ойын: «Мен сияқты айт» (доппен)<br>– Мен сендерге допты лақтырып, кез келген сөзді айтамын, ал сендер допты қағып алып, тура мен сияқты | доп, нәсіп.<br>«Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз.<br>Жел өлеңін оқу.<br>Көк теңіздей тербейсің<br>Дәйім соғып тұрасың.<br>Жел теңіздей шарлайды<br>Кемеге тыным бермейді.<br>Толқынмен бірге аунайды.<br>Желкендерді кернейді.<br>Жаңылтпаш жаттау<br>Тебіншек ат – шегіншек.<br>Шегіншек ат – тебіншек.<br>**2. Математика негіздері**<br>Міндеттері: Қағазда пара ғын бағдарлай білуді бекіту<br>Тақырыбы:Қағаз бетінде бағдарлау.Ойындық жағдаят.Сырыммен Әлияның балаларға «Ойыншық қай жерде?» ойын. Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. Балалар мәтінді тыңдайды .Оң қолыңды жоғары көтер. Ортадағы жапырақтың түсі қандай? Жасыл түсті жапырақтың айналасын дағыларды көрсетілген түспен боя.<br>2-тапсырма.<br>Қолшатырларды берілген бағыт бойынша қарын | *көліктердің дыбысы естілетінін айтады).*<br>Сөздер дыбыстардың көмегімен айтылады. Осы дыбыстарды жеке-жеке айтсақ, ешбір мағына бере алмайды. Сондықтан дыбыстарды тіркестіріп, сөз жасай мыз. Біз дыбысты дауыстап айтамыз, дауыстап айтқан кезде ғана дыбыс естіледі, біз тыңдаймыз. Есіңе сақта! Дыбысты айтамыз және естиміз. Сөзде неше дыбыс болса, сөздің сызбасында сонша төртбұрыш салынады.<br>Сөз – белгілі бір дыбыс тар жиынтығы.<br>Құрамында қанша дыбыс болғанына қарамастан бір ұғымды анықтап, бір мағына береді. Бәріміз айнаны қолымызға алып, аузымызды ашайық. Аузымызда нелер бар екен?Иә, аузымызда тіс, тіл, еріндер бар. Осылар дың бәрі дыбыстарды айтуға көмектеседі екен.<br>Ал сөздегі дыбыс саны | Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ...Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк<br>Дәптермен жұмыс.<br>**2. Математика негіздері**<br>Міндеттері: Заттарды кеңістікте орналасты ру.Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгертеотырып,бағдар лауын қалыптастыру.<br>Тақырыбы:Кеңістік те және қағаз бетінде бағдарлау.<br>Ойындық жағдаят. Сырым мен Әлия ойнауға шақырады.<br>топтық жұмыс үшін үлестірмелі материал ды дайындайды, жұмыс алаңы және гномдар. «Серуендегі гномдар» ойыны.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.<br>Әжеге осы заттарды үйдентабуғакөмектес. «Сол жақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін | Шеңбер болып тұрайық,<br>Адымдаймыз жігерлі.<br>Дөңгелекті құрайық.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс (*графикалық жұмыс*)3. Саусақ жаттығуы: Тыңда, орында.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Әдеби шығармаларды эмо цианалды қабылдауы на ықпал ету,олардың мазмұнын түсіну.<br>Тақырыбы:<br>Бәрі бар бақшада.<br>Күз туралы суреттер бойынша күз мезгілі не әңгіме құрайды.<br>Қазір жылдың қай мезгілі? Балалар, күз мезгілінде күн суытып, әлсін-әлсін жаңбыр жауады. Жемістер мен көгө ністер піседі.Жапырақ тар сарғайып жерге түседі. Сондықтан күз мезгілін «Күз – жомарт» деп атайды.<br>Біз бүгін ақын Ермек Өтетілеуұлының «Күз |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қайталап, допты кері лақтыруларың керек. Мысалы: *ққол, өзззен, үүй, қассссқыр, дооомбыра, құүүмыра, қанннт, батыыыр, арррба, балллға, баллла, шаррр, дөңгелллек, қаззз, құмммыра, көлллік, құссс, қааайық, бөшшке, шаныышшқы, түлллкі, көззз, қоңңңырау, құлллпы, бақққа, сазззан, тышшшқан, сссан, көррр пе, керррік. (Ойынға барлық бала қатысады).* Дидактикалық ойын: «Не қалай дауыстайды?» *Ойын шарты:* үй жануарларының суретін көрсетіп, не істейтінін айтады. Балалар сол жануардың дауысын салады. Қой маңырайды: *(мәәә)* Сиыр мөңірейді:*(мууу)* Жылқы кісінейді:*(йоо)* Түйе боздайды:*(баа)* Ешкі бақырады: *(мәққ)* | даштардың түсіне сәйкес бояу.1-тапсырмаға ұқсас орындалады, сонымен қатар балалардан тапсырманы орындау алдында шартты белгілерді «оқуды»сұрайды. 3-тапсырма.Суреттерді түймедақ үстінде, ал жапырақ астында; жапырақ үстінде, ал қызғалдақ астында болатындай бояу. Қағаздан кесілген түрлі түсті жапырақшаларды алып, оларды бірінің үстіне бірін қойып, одан әрі түсіндіреді: Содан кейін олардың орнын ауыстырады. Не өзгерді? Осыдан кейін балалар тапсырманы өз бетінше орындай алады. **3.Қазақ тілі** Міндеттері: Тілдік дамытушы орта.Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту Тақырыбы: Менің мектебім. Ғажайып сәт. Қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар, бірге амандасайықшы. | әртүрлі болады.Мысалы: ет, ұн, сөздері екі дыбыстан, ата, төрт, тарақ сөздері үш, төрт, бес дыбыстан тұрса жапырақ, домбырашы сөздері жеті, тоғыз дыбыстан құралған. Сөз айтылады және жазылады, сондықтан дыбыстар белгілі таңбамен белгіленеді. «Сөз ойла, тез ойла» дидактикалық жаттығуы Шарты: балаларды үш топқа бөліп, 1-топқаекі дыбыстан, 2-топқаүш дыбыстан, 3топқаүш дыбыстан көп дыбыстан құралған сөздер ойлап айтуға тапсырма береді. 1-топ: *ет, ұн, ал, мә, от, ки, ми, қи, ой,өр, үр,аң, ат, ши т.б.* 2-топ: *бал, қал, сал, бар, жар, мөр, көр,кел, қой, ала, қар, тор, бор, тар, көк, теп, сеп, жат, кет, қап, шие, сыз, қыз т.б.* 3-топ: *қара, тара, жара, сары, қора, қылыш, сағыз, алма, қалма, өрік, бөрік, түйе, сиыр, қала,* | пайдаланып, олардың қайжерде екенін айт. Егер әжеа улада болса, онда ол аталған заттарғақалайжетеді? «Әжеге көмектес» ойынынұйымдастыру. Балаларға «солжақта», «оң жақта», «жоғарыда», «төменде» сөздерін пайдаланаотырып қозғалыс бағытын жасауды ұсынады. «Әже ас үйде» жағдаяты ойыны. Әжебалалар бөлмесіне қалай барады? Аулаға қалай шығады? Жуынатын бөлмеге қалай барады? 2-тапсырма. Суреттерді бояу. Қозылардың қайда жүргенін ата. Оларға «шөптің»суретін сал. 3-тапсырма.Атаға қайжерде не тұрғанын табуға көмектес. Тапсырма бойынша суретін сал. | – жомарт» өлеңімен танысамыз. Өлең жанры шағын шығарма екенін естеріне түсіреміз. Күз – жомарт. Тоңазып атырап, Көк жеміс піседі. Сарғайып жапырақ, Саудырап түседі. Күз жомарт деймізбіз, Жемісін жейміз біз. Өлең ұнады ма? Авторы кім? Өлең қалай аталады? Неліктен күзді жомарт дейміз? Күзде ауа райы қандай болады? Күзде адамдар қалай киінеді? Неліктен күзді жақсы көресің? Балалар жауаптарыҮлестірмелі материалмен жұмыс 1. Суреттен не көріп отырсың? Балалар не істеп отыр?Балабақшадағы бөлмелерді ата. Балабақшада кімдер жұмысістейді?Белгіле. Мектепке баратын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| . | Жұмыс дәптерімен жұмыс. Суреттерге қара. Сен қандай дыбыстарды ести аласың? Табиғат құбылыстарының дыбысын сал. Балалардың дыбысын қайталап айт. Жұмыс дәптерімен жұмыс (*графикалық жұмыс)* Нүктелер мен үзік сызықтардыкөрсетілген бағыттары бойынша бастыр.Үстелде отыру ережесіментаныстыру: жазу барысында денені тік ұстап, дәптерді солға қарай қиғаштап қоямыз. Қарындашты үш саусақпен – басбармақ, сұқ саусақ, ортаңғысаусақпенұстайды (көрсету).Қарындаш ортаңғысаусақтың сол жағында болады.Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққабағытталады Тыңда, орында. Саусақ жаттығу | Сәлеметсіз бе! Қуыршақтар: Сендерге қазақ тілін үйренуге көмектесеміз, алдағы жұмыстарыңа табыс тілейміз. Дидактикалық ойын: «Танысу». Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. Сенің атың кім? Менің атым – Рома. Менің атым – Вика. Менің атым – Арлан. Мынау – мектеп. (*Айнаны қолымызға алып жаңа сөздерді қайталаймыз).* Мынау не? Мынау – мектеп Біздің мектеп әдемі, кең, жарық және таза. Ә-ә-ә - әдемі, ң ң ң кең, қ қ қ жарық, таза. (Балалар сөздерді, сөйлемдерді қайталайды). Біздің мектеп қандай? Біздің мектеп әдемі, кең, жарық және таза. Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Дидактикалық ойын: «Тыңда, көрсет, қайтала». (*Балалардың есте сақтау* | *дала, бала т.б.* *«Бірінші дыбысты қайтала» дидактикалық ойыны (доппен).* Қандай да бір сөздің бірінші дыбысын анығырақ, созып айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап, допты тәрбиешіге кері лақтырады. *(Ойынға барлық бала қатысады.)* Мысалы: *ааалма(а), тттиін(т), қққасқыр(қ), ммақта(м), өөөшіргіш(ө), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), рррадио(р), тттышқан(т), сссазан(с), қққияр(қ), жұлдыз(ж)т.б.* Жұмыс дәптерімен жұмыс . 2.Суреттегілерді ата. Әр заттың аты неше дыбыстан құралған? Әр суретті сәйкес дыбыстық сызбамен қос.Балалар заттарды атайды, дыбыстарды анықтайды, | **3.Қазақ тілі** Міндеттері:Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге,ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді,көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету,ынталандыру Тақырыбы:Сыныпта Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сөздік ойын: «Күн шуағы». сандықтан арнайы жасалған ойыншық күнді шығарады. Бір-бірлеріне күнді ұсынып, тілектер айтады. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! Дидактикалық ойын:«Тыңда, көрсет, қайтала». ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.Жаңа сөздермен таныстыру. Ойын: «Біз саяхат жасаймыз». Жұмыс | жолды үзік сызықпен қос. **3. Қоршаған ортамен таныстыру** Міндеттері: Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу,оларға қамқорлық жасау. Тақырыбы:Қыстап қалатын құстар және жыл құстары. Ұшып кететін құстарды тағы қалай атауға болады? Отырықшы құстар. Құстар қай мезгілде жылы жаққа ұшады? Күз мезгілінде. Балалар, құстар неге күзде ұшып кетеді? Суықтан үсіп қалады. Қыста жейтін қоректері өте аз болады. Жазда күн жылы, қорек көп, сондықтан олар ұя салады, балапандарын өсіреді. Ал суық ауа райының басталуымен олар ыстық елдерге ұшады, өйткені жылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіп-кішкентай саусақтар.<br>Түрлі түсті сызықтарды<br>Шаршамайды, тынбайды.<br>Дәптерлерге жазады.<br>Себебі бұл саусақтар<br>Еңбексүйгіш саусақтар,<br>Жаттығулар жасайды.<br>Бәрінен де озады.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері: Кеңістікті бағдарлау.Кеңістік туралы түсініктерді бекіту:заттарды кеңістіктеорналастыру сол жақта,оң жақта, жоғарыда,төменде.<br>Тақырыбы:Кеңістікте бағдарлау.<br>«Қайда барасың, нені табасың?»дидактикалық ойыны.<br>Ойын мақсаты:ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ,сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлікеңістіктік терминдерді (іші, үсті, | *қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттерменжұмыс).*<br>Мынау кім?<br>Мынау – қыз.<br>Қыз қайда келді?<br>Қыз балабақшаға келді.<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суретке қарап, мектеп туралы әңгімеле. Өзіңнің мектебің қандай? Мектепте саған не ұнайды?<br>Мектепке баратын жолды тап. Қарындашпен сызып көрсет.<br>**4.Музыка**<br>Міндеттері:<br>Классикалық,халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру<br>Тақырыбы:Білімің-бұлағың.<br>Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығын таныстыру.<br>Музыка тыңдау; «Қосалқа» Дәулеткерей<br>Ән айту:«Білімің-бұлағың»<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», | санайды. Сызбамен қосады.Жұмыс дәптерімен жұмыс *(графикалық жұмыс)*<br>Үзік сызықтарды бастыр.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға,театр әлеміне баулу.<br>Тақырыбы:Білімің-бұлағың.<br>Күндей жарық,<br>айдай арайлы,<br>судай мөлдір таза көңілмен бүгінгі күнді бастайық.<br>Бүгін ақын Ақылбек Шаяхметовтің «Білімің – бұлағың» атты өлеңімен танысамыз. Өлең – шағын шығарма, ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен сөздер тізбегі.<br>Сөздік жұмыс: *қиялым самғайды* – армандау *білімді* – кітапты көп оқитын, көп ізденетін адам *қанатым талмайды* – ерінбей ізденy<br>*Өлең мазмұны бойынша* | дәптерімен жұмыс.<br>Суретке қарап, мектеп бөлмелері туралы әңгімеле. Өзіңнің мектебіңде қандай бөлмелер бар?Мынау қай бөлме?Бөлмеде не бар?Дидактикалық ойын: «Аудармашы». Мектеп бөлмелерінің қазақша атауын естерінесақтау.<br>**4.Музыка**<br>Міндеттері:<br>Классикалық,халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру<br>Тақырыбы:Білімің-бұлағың.<br>Музыка тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей<br>Ән айту:<br>«Білімің – бұлағың» (Т.Қоңыратбай)<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:<br>«Қояндар», «Аю», «Түлкі»,«Қасқыр» (Т. Ломова) Билер: | жаққа ұшатын құстар қыста азық қорын жинамайды, қар астынан қоек таба алуды білмейді. Қыстайтын құстар (торғай, көгершін, сауысқан, тоқылдақ, қарға, суықторғай) ағаш қабығының арасына, үй мен қоршаулардың қуыстарына тығылған жәндіктермен қоректенеді, өсімдік тұқымдарын жейді.<br>«Қай құс ұшып кетті?» ойыны<br>Балалар, қыста құстарға қорек табу оңай ма? Қыста қар көп жауады, өте суық күндер, аяз, жиі қарлы боран болады.Мұндай ауа райында құстар жиі суық пен аштықтан өледі. Қанатты достарымызға қалай көмектесе аламыз?<br>Дұрыс, балалар, біз құстарға жем бере аламыз. Ол жемді қайда саламыз? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттық тыру үшін жүргізеді.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиешіойыншық тарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойынбарысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды,сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты,артына мәшине ні.Балалардың бірін шақырып алып,<br>Тәрбиеші оған былай дейді:Оң жаққабарсаң, аюды табасың,Сол жаққа барсаң,қуыршақ ты табасың.Алға қарай жүрсең, доптытабасың қарай жүрсең, мәшине нітабасың. Қайда бар ғың келеді?Топтық жұмыс. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтарытаратылады.<br>Тәрбиеші ойын жағ даятын ұйымдас | «Аю», «Түлкі», «Қасқыр»<br>Билер:Жұптасу биі.<br>(чех халық әуені)<br>Ойындар,хороводтар:<br>«Айгөлек» қазақтың халық әні | *сұрақтар:*<br>Өлең сендерге ұнады ма?<br>Өлең қалай аталады?<br>Авторы кім?<br>Өлең не туралы?<br>Өлеңді тыңдағанда сенде қандай көңіл күй пайда болды?<br>Бүгін қандай мереке деп ойлайсың?<br>Мерекеде кімді құттықтайсың?<br>*Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын».*<br>Ойынның шарты: Ғажайып қоржынның ішінде заттар, ойыншықтар, оқу құралдары бар. Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды, атайды.<br>Дәптермен жұмыс.<br>Суретте не байқадың? Өз ойыңды айт. Балаларды кім қарсы алып тұр?<br>Балалардың көңіл күйі қандай? Суреттегі заттардың жалпы және жеке атауын ата.<br>Сөмкеге не салу керек? Белгіле. Мақалды жаттап | «Жұптасу биі» ( чех халық әуені)<br>Ойындар, хороводтар:<br>«Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова) | Жемсауытқа.<br>«Жемсауыт жасау» ойыны. «Құстарды қоректендіреміз» ойыны. Сергіту сәті. Балалар «Құстар» және «Балалар» деген екі топқа бөлінеді. – Біздің достарымыз – құстарға не айтамыз, құстар бізге не айтады?«Балалар» тобы:Құстар – біздің досымыз. Біз оларға жамсауыт жасап, қыстақоректендіреміз.<br>«Құстар» тобы:<br>Біз бау-бақшаны зиянды жәндіктерден қорғаймыз. Ән салып, бау-бақшаны көңілден діреміз: чик-чирик, чик-чирик.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс:Саққұлаққа қыстап қалатын және жыл құстары туралы әңгімеле. Артыққұсты қорша. Өз жауабыңды түсіндір.Жемсауытқа құстардың азықта рының суреттерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тырады.(ойыншықтар дытабуға көмектеседі). Тәрбиеші карточкада ғы суреттің орналасу ын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды,балалар оның да орналасуын атайды.<br>Дәптерменжұмыс.<br>1-тапсырма. Үй ішіндегі қызбен ұлды көрсет. Олардың оң жағындажәнесолжағын да,үстіңгіжағындажәне астыңғыжағындане орналасқанын ата.<br>Балаларға сұрақ қояды, ал балалар оған бағытты білдіретін сөздерді пайдалана отырып жауап береді. Мысалы: «Үй ішіндегі қыз бен ұлды көрсет.<br>Олардың оң жағында және сол жағында, үстіңгіжағында және астыңғыжағында не орналасқанын сұрайды. Үйдің жоғарғы және | | ал. Білекті бірді жығады Білімді мыңды жығады.<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>Міндеттері:<br>Құрастыру:құрылыс материалдарынан құрас тыру.<br>Сурет салу:жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу<br>Мүсіндеу:заттық мүсіндеу<br>Жапсыру:заттық жапсыру<br>Көшедегі үйлер.<br>–Балалар, үйлерді кімдер салады? Көше бейнесі бейнеленген екі ақ қағазды көрсетіп, көшелерге атқойдырады. Балаларды екі топқа бөліп отырғызу.<br>Қазір біз құрылысшы болып әдемі үйлер тұрғы замыз.<br>Балақан-ау, балақан, Кәне, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат!<br>Көп қабатты және бір қабатты үйдің жасалу жолы көрсетіледі. | | бейнеле.Бірінші ағашқа қыстап қалатын құстарға қажетті заттардың, екінші ағашқа жыл құстарына қажетті заттардың суреттерін сал. Құстарға қандай көмек көрсетесің?<br>Қолдан жасалған жемсауыт түрлерін қара. Олар неден жасалған? Үйде қайсысын жасар едің? Белгіле.<br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеттері:Тізені жоғары көтеріп жүру,заттардан бір қырымен аттап жүру<br>Тақырыбы:Денсау лықтың құпиялары<br>Таза ауадағы белсенділіктің адам ағзасы үшін қаншалықты маңызды екендігі туралы әңгімелеп беру.<br>Алаңдағы жаттығулар орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін айтып, сол қауіпсіздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төменгі қабатында қандай бөлмелер орналасқан?»<br>2-тапсырма. Ит қай жерде отыр? Айтып бер. Үйшіктіңалдында отырғаниттің жанына доптың суретін сал.<br>Үйшіктің қасында иттің орналасу суреттері берілген, оларды жұп тық жұмыстарда қолдануға болады.<br>Балалар үйшікке қатысты иттің орналасу жерін атайды.<br>3-тапсырма.Қызғылт сары жапырақтың оң жағындағыжапырақтар дықызыл,сол жағында ғыларды сары түспен боя.Жапырақтарды тапсырмасын жұппен немесе топпен бояуға болады.<br>4-тапсырма.Сырым әртүрлікөліктүрлерінқа растырады. Оның оң жағында, сол жағында, үстіңгіжағындажәнеаст ыңғыжағындақандайкө ліктертұрғаныната. – Балалар, оң қолымызды | | I топ. Көп қабатты үйлер бойынш а,<br>II топ бір қабатты үйлер бойынша жұмыс жасайды.<br>Үлкен тіктөртбұрышты қиямыз (үйдің қабырғасы).<br>Үшбұрышты қиямыз (үйдің шатыры).<br>Шаршыларды қиямыз (үйдің терезесі).<br>Жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөлу. Үйлердің қиып алған бөліктерін үлгіге жапсырамыз. Жұмыс толық аяқталғанда «Ұшқыштар» және «Батырлар» көшесі бойына өз үйлерін жапсыру тапсыру. Балалар шығармашылығы<br>**4. Дене шынықтыру**<br>Міндеттері: аяқтың ұшымен,аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру.<br>Тақырыбы:Спортзалда ойнаймыз.<br>Жаттығуларды орындау | | ережелеріне тоқталып кету.Бір-бірден тізбек құрып жай жүру, жартылай отырып жүру, отырып жүру.<br>4 метр артпен жүру. Әр жүріс түріне сәйкес қолдарының қозғалыс амплитуда сын қолданады.<br>Баяу жүгіру (2 минут) – қолдарын кеуде тұсына жоғары-алға, ішке қарай бағыт тайды, сосын шынта ғымен артқа қарай қозғалтады.Баяу жүгіргенде қол мен аяқтың қимыл-қозға лыстарын үйлестіруге, аяқтарын ұшымен басып, қадамдарын қысқа етугетырысады. Тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>*«ха» – демін толық шығарып тазалау жаттығуы.* Аяқтарын иық деңгейіне дейін ашып қойып, түзу тұру. Қолдарын алдыға ұстап, демін ішіне еркін тарту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көтереміз! Сырымның оң жағында қандай көлік түрлері бейнеленген? Сол қолымызды көтереміз! Сырымның сол жағында қандай көлік түрлері бейнеленген? Балалар дың сөйлеу кезінде: «оң жақта, сол жақта, үстіңгі жағында, астыңғы жағында» сөздерінің айтылуын қамтамасыз етеді. Дидактикалық ойын.«Қайда қандай бұйым бар?» Ойыншықтарды еденге қиялдағы шаршы алаңының бұрыштары мен бүйірлеріне және оның ортасына орналастырыпқояды. Жетекші бала қолына шаршы ішінен кез келген ойыншықты алады және басқаларға өзінің артында, алдын да, оң жағында және сол жағында қандай бұйым немесе заттар дың орналасқанын атауға ұсыныс жасау. | | кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. «Күлімде, досым» ойын-жаттығуы. Шеңбер бойына тұрып, бір-біріне күлімсіреп допты береді. Тізбекпен бір-бірден және шашырап жүру. Бір тізбекке тұрады. Тізбекте бір-бірден жүріп үйренеді, баяу қарқынмен жүгіреді. Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүгіруге тырысады. Жүгіруден кейін тыныс алуларын қалпына келтіреді. Зал ішінде шашырап жүреді, белгі бойынша тізбектегі орындарын табады. Зал ішінде шашырап жүреді, белгі бойынша тізбектегі орындарын табады. Құралсыз жалпы дамыту жаттығуларын орындау (№1) Негізгі қимыл-қозғалыстар: «Мұқият бол» ойын жаттығуы.1,5 минут орташа қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – | | Қолдарын төмен түсіріп, денесін алдыға ие отырып, демін сыртқа шұғыл шығарады. Сосын 2-3 рет еркін дем алу. Бұл жаттығу қақырық түсуіне көмектеседі. *Энергетикаландыру шы тыныс алу* Демін толық ішке тартып, мүмкін дігінше кідіру. Аузын дөңгелетіп, демін 3 рет шамдыөшіргендей шұғыл шығару. Сосын 2-3 рет еркін тыныс алу. 3 рет қайталау. *Бағыттағыш, ысылдап тыныс алу.* Демін ішке еркін тартып, мүмкін дігінше кідіру. Демін ауыз арқылы «ысссс» деп дыбыстап,созың қы ұзақ етіп шығару. Бұл дыбысты шағаруда тіл қатысады. 3 рет қайталау. Тепе-теңдік сақтау – қолдарын екі жаққа созып, басына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Міндеттері:Табиғатпен таныстыру,себеп-салдарлық байланыс тарды бақылау және түсіну.<br>Тақырыбы:Жыл мезгілдері:жаз,күз.<br>Үлестірмелі материал дармен танысу: шартты белгілермен,Ер Төстік тің достары: Саққұлақ (алыспенжақындағыны еститін тыңшы), Желаяқ (ұшқан құс, жүгірген аңды қуып жететін жүйрік), Қырағы (жердің асты-үстін көріп отыратын адам), Таусоғар (алып күштің иесі, тауды көтеретін күші бар) және Көлтауысар (бір көлдің суын ұрттап ішетін адам) есімді кейіпкерлермен танысады. жұмбақ :<br>Алғашқысы суытады өлкені,<br>Үшіншісі: «Көк теңізге бар», – дейді,Екіншісі жылытады жер көкті, | | жүру, еңбектеу.<br>Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпенадымдауларын қадағалау.Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).2 метр арақашықтықта жұп болып тұрып, бір-біріне доп лақтыру: серіктесіне доптытбасынан асыра лақтырып беруді үйрету. Жаттығуларды дұрыс орындауларын қадаға лау.Қарама-қарсы екі сапқа тұрып, бір-біріне доп лақтырады. Доптың лақтыру бағытын бұзбауға тырысады, лақтыру кезінде қолдарын ширақ созады. Бұйрық бойынша бір тізбектегі балалар допты себетке салып, секіруге арналып сызылған сызық жанына тұрады.Заттар арасымен екі аяқпен ирелеңдеп секіруге жаттықтыру, еденнен екі аяқпен ширақ итеріле білу дағдыларын қалыптастыруды | | қапшық қойып, бөрененің үстімен жүріп өту. Бас пен денені дұрыс ұстауға назар аудару.<br>Футбол – допты ілгері бағытта екі аяқ үстінің ішкі жағымен алып жүру. (4 рет).<br>Нұсқау: доп кез келген алдыға итеретін аяқ басының орта тұсына келуі керек. Допты біркелкі аяқпен соғып, қозғалысқа келтіреді.<br>Тізбектерге тұрып, бір-бірден допты ілгері алып жүгіреді. Бір-бірімен жарысады.Ойыншы допты бұрылысқа дейін апарып,қайта дан орнына келеді. Келген соң допты келесі ойыншы алып, өз жүгірісін бастайды.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ».<br>Балалар шеңбер бойына тұрады. Тәрбиеші ортада. Ол қолындағы баудың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төртіншісі ұсынады бар дәмді.<br>Жұмбақ не туралы?<br>Жыл мезгілдері туралы.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жұмбақтың шешуі қыс, көктем, жаз және күз екенін табады және әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін естеріне түсіреді. «Жаз және күз мезгілдері» ойыны. Ол үшін екі топқа бөлінеміз, гүл алған дарың оң жаққа, жапырақ алғандарың сол жаққа орналасың дар. Бүгін Ер Төстіктің тапсырмаларын орындаймыз.Зырылда уықты айналдыру арқылы тапсырмаларды таңдаймыз, қай топ тапсырманы жақсы орындап, жұлдызшалар көп жинайды, сол топ жеңімпаз болады. Топтардың көшбасшы лары сайланады, зырыл дауықты айналдырады, бағыты қай санға келіп тоқтайды, сол санға байланысты тапсырма | | жалғастыру.5 м арақашықтыққа екі аяқпен секіреді. Заттар арасымен секіріп,қайтар да тізбекке қарай жүгіреді. Жеңіл секіріп, тыныс алудыкешіктір меуге тырысады. Екі аяқтарымен ширақ итеріліп, жерге аяқтың ұшымен түседі.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет).<br>Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар. Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады.<br>Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады.«Өз-өзіңе кел» психологиялық-қозғалыс жаттығуы | | (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Тәрбиеші жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысын да балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.<br>«Теңгерім түймесі» жаттығуы.Бастапқы қалып негізгі тұрысты қабылдайды.Оң қолының саусақтары мен оң жаққұлағының артындағы бас сүйегі нің астына тауытұрған шұңғымағаақырындап басады. Сол қолын кіндігіне қойып, демін тартып терең тыныс алады «энергияны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығады.<br>1-т.Жаз және күз мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы бейнебаян көрсетіледі: Күннің күркіреуі, найзағай, нөсер, күннің ыстықтығы, жел соғуы, күннің суытып, жапырақтардың ұшуы, жел соғуы...<br>Тапсырма:<br>«Құбылыстарды жинау» ойыны<br>Зырылдауықты айналдырады. . Жазғы, күзгі ағаштардың өсуі, жыл мезгіліне байланысты өзгерістері жайлы шығады. Қайың, емен, үйеңкі ағаштары саябақтарда, жол бойында, орманда өседі. Алмаағаш – ең көп таралған бақша ағашы. Алмаағаштың жемісі – алма, өте пайдалы. Қайың – ақ, жіңішке, діні бар ағаш. Көктемде қайыңнан қайың шырыны алынады. Емен – күшті ағаш, дөңгелек, шеті | | | | ішіне тартады».<br>Бір минуттан кейін сол қолымен сол құлағының артындағы шұңқырлау жерінен басып, оң қолымен кіндіктен басып, дәл солай «энергияны ішіне тартады».<br>«Энергетикалық есінеу» жаттығуы.<br>Есінеуді орындау. Қолдарының саусақтарымен жақ сүйегінің екі жағын дағы кез келген жерінен қатты басып, босаңсып, қатты дыбыстап терең есінейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | иректелген жапырақтары бар, күзде жаңғақтары піседі. Үйеңкі – әдемі жапырақтары бар ағаш, күзде оның түрлі түсті жапырақтары кез келген саябақтың сәніболып келеді, жапырақтары күзде жерге түскенде, жерді кілем сияқты жауып жатады. Бұл ағаштардың ішінде емен жапырағы ғана күзде сарғаймайды, қоңыр, қошқыл түске боялып, қурайды.<br>Тапсырма: «Ағаш пен жапырақ» ойыны<br>Зырылдауықты айналдырады.<br>3-т. Жазғы, күзгі алаңқайдағы өзгерістер жайлы көріністер шығады.Күн сәулесі жарқырап, жерге нұрын шашып, ауада әдемі гүлдердің иісі шығып тұрды. Ормандағы жазғы әдемі алаңқайда гүл, шөп, бұталарөседі. Кәне, бәріміз тыңдайық! Бұл | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алаңқайда біреулер жүрген секілді. Олар не екен? Жақындап қарайық. (Балалар олардың жәндіктер екенін тауып, атайды).<br>Жазғы алаңқайда қаңқыз, шегіртке, инелік, көбелек, құмырсқа тіршілік етеді. Кенет ауа райы бұзылып, күн суыта бастады, жәндіктер әр жерге тығылды, шөптер сарғайып, гүлдер қурап қалды. Жазғы алаңқайға қандай мезгіл келді?<br>Күз мезгілі келді. Тапсырма: «Жазғы және күзгі алаңқай» ойыны. Панно жасау<br>4-т. Жаз, күз мезгіл деріндегі еңбек. Адамдар көктемде жер жыртып егін егеді, баубақша егеді, жазда оны күтеді, суарады, күзде піскен егінді оны қамбаға жинайды, егін жинау науқаны жүреді. Суреттегі техника мен құралдар қандай | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыстарға арналған? Комбайн, соқа, тырма, күрек – астық өнімдері мен картоп жинауға және жер жыртуға арналған техника мен құралдар (соқа – жер жыртуға арналған құрал, комбайнның тіркемесі).<br>Тапсырма: «Еңбек құралдар көрмесі» ойыны.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>Міндеттері:Негізгі қимылдар:жүру:сапта: бірбірден,екеуден,үшеуден жүру.<br>Тақырыбы:Спорт.<br>Спортзалда өздерін қалай ұстау керектігі туралы әңгіме. Спорттық құрал-жабдықтарды көріп, оларды зерттейді. Спорттық құрал-жабдықтар туралы жұмбақтардың шешуін табады.<br>Бір тізбекке тұрғызады.<br>«Ине-жіп» жүрісі бойынша бір тізбекпен жүру. Тізелерін жоғары көтеріп жүгіру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір тізбекке тұрады. Тізбекте бір-бірден жүріп үйренеді, баяу қарқынмен жүгіреді. Қол мен аяқ қозғалыс тарын үйлестіріп жүгіруге тырысады. Жүгіруден кейін тыныс алуларын қалпына келтіреді.Құралсыз жалпы дамыту жатты ғуларын орындату (№1).Жаттығуларды қалай орындау керек тігін көрсетеді. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды.Жалпы дамыту жаттығуларын орындау үшін шеңбер бойына тұрады.Тепе-теңдік: толтырылған доптарды аттап жүру – дене бітімін түзу ұстап, қолды белге қою, санды 90 градусқа көтеріп, аяқ ұшын төмен созу. Жаттығуды топқа бөлініпорындайды, тепе-теңдікті сақтауға тырысады: дене бітімін түзу ұстайды, басты төмен түсірмейді, санды 90 градусқа | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жоғары көтереді. Дене бітімін түзу ұстап, әдемі жүругетырысады.<br>«Жұбыңды тап!»<br>Ойынға қатысады. Шеңбер бойына тұрып, санамақ арқылы ойын жүргізушіні шығарады. Белгі бойынша орындықтың үстіне жылдам шығуға тырысады. Жүргізуші оларды ұстауға тырысады.<br>«Жұбыңды тап!» ойын-жаттығуы.<br>Зал ішінде жұп болып жүреді, тәрбиешінің белгісі бойынша әртүрлі бағытта шашырап жүгіреді. «1-2–3 жұбыңды тап!» деген бұйрықпен жұп болып тұрады. Жұпсыз қалған балаға: «Ұйықтап қалма, Әсет, Жұбыңды тап тездет», – деп барлық балалар хормен айтады. | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларды серуендеуге ынталандыру; серуендеуге арналған ойын материалдарын таңдау; балалармен жеке әңгімелер. Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды жүйелі түрде кию (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) | | | | |
| Серуен | Өрмекшіні бақылау<br>Мақсаты: өрмекшінің пайда болуының сипаттамалық белгілері туралы білімді кеңейту және бекіту.<br>Көркем сөз<br>Жіңішке жіп,<br>Шөптен шөпке дейін,<br>Мұнда оралған<br>Барлық айналасында,<br>Қара кішкене өрмекші.<br>Еңбек қызметі<br>Тұқым жинау<br>Мақсаты: гүлдердің тұқымын мұқият жинап, оларды дұрыс сақтау қабілетін бекіту.<br>Қимыл-қозғалысты ойын: «Қуып жет, секір», «Секіргіштер»<br>Мақсаты: қозғалыс белсенділігін, ұзындыққа секіру қабілетін дамыту.<br>Жеке жұмыс<br>Қозғалыстардың дамуы | Маусымдық өзгерістерді бақылау<br>Мақсаты: тірі және жансыз табиғаттың өзара байланысы туралы білімді бекіту.<br>Көркем сөз<br>Таңертең біз аулаға барамыз, жаңбырмен жапырақ түседі,<br>Аяқ астында қытырлап...<br>Түсіп жатыр, төгіліп...<br>*(Күз)*<br>Еңбек қызметі<br>Балабақша учаскесін түскен жапырақтардан тазарту<br>Мақсаты: өзіңізде және басқа балаларыңызда орындалған жұмыстан қуанышты көңіл-күй қалыптастыруға үйрету.<br>«Үшінші артық» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: ойын ережелерін сақтауға үйрету; ептілік пен жүгіру жылдамдығын дамыту.<br>«Үкі» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: кеңістікте | Қайыңды бақылау<br>Мақсаты: қайыңның басқа ағаштардан ерекшеленуі<br>Көркем сөз<br>Алена тұр —<br>Жасыл орамалды,<br>Жұқа маталы,<br>жасыл сарафан. (Қайың)<br>- Қандай ағаш туралы айтады? Балаларды қайыңның сұлулығына таңдануға шақырыңыз. Сіз оны құшақтап, сипап, «Өсе бер, сүйкімді қайың, жақсы адамдарды қуанта бер» деп айта аласыз.<br>Еңбек қызметі<br>Көкөністерді жинау.<br>Мақсаты: ұжымдық жұмыс істеуге үйрету; ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастыру.<br>«Қоян мен қасқыр» қимыл-қозғалысты ойын<br>Мақсаты: балалардың қозғалыс белсенділігін дамытуды жалғастыру; ережелерді өз бетінше орындауға үйрету.<br>Жеке жұмыс | Торғайды бақылау<br>Мақсаты: торғайдың ерекшеліктері туралы білімді тереңдету балалардың назарын және жадын белсендіру.<br>Көркем сөз<br>Торғай - кішкентай тірі құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара қоңыр, қызғылт түспен көмкерілген, иек пен жемсауы қара, бірақ басы сұр. Торғай-епті құс, қорықпай адамның аяғына секіреді, ит ыдысынан тістейді, үгінділер, тұқымдар, дәндер жинайды<br>Еңбек қызметі<br>Сәбіз жинау<br>Мақсаты: еңбекке дағдыландыру; ересектерге көмек көрсетуге шақырыңыз. | Бақшадағы күзгі жұмыстарды бақылау<br>Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімді бекіту.<br>Көркем сөз<br>Қатты жел соғып тұр,<br>Қап-қара бұлт басты,<br>Көрмейсің<br>Түнерсе жарықты<br>- Ауа райы, табиғат қалай өзгерді?<br>- Бақшада не өзгерді?<br>- Суық келгенде, сіз қалай киінесіз?<br>- Суық ауа райының басталуымен құлпынаймен не болады деп ойлайсыз? Ол үсіп қалады ма? Құлпынай үсіп қана қоймай, үсіп қалмауы үшін және жазда бізді піскен жидектермен қуанту үшін құлпынайды үгінділермен жауып, топырағын мөлдір пленкамен жабу керек.<br>Еңбек қызметі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бағдарлауды үйрену. Жеке жұмыс Мақсаты: алға қарай секіруді жетілдіру. | «Ең жылдам» Мақсаты: кеңістікте бағдарлау қабілетін жетілдіруге арналған тапсырмаларды орындай отырып, жүгіру жаттығулары | «Өз жұбыңды тап» қимыл-қозғалысты ойын.Мақсаты: белгі бойынша жылдам қозғалуды үйрену, қозғалыс бағытын өзгерту. «Допты ұста» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: допты лақтыру және ұстау дағдыларын екі қолмен бекітуді жалғастыру. Жеке жұмыс Қозғалыстардың дамуы.Мақсаты: көлбеу тақтамен жүруді үйрену | Топырақты үгіндімен толтыру. Мақсаты: жұптасып жұмыс істеуге үйрету; достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. «Қайда жасырын ғанын тап» қимыл-қозғалысты ойын Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды үйрену. «Жүгіріс-жаман емес».Мақсаты: жүгіру техникасын, жақсы дене бітімін, қолдың табиғи жұмысын жақсарту. Жеке жұмыс Қозғалыстың дамуы Мақсаты: жүру, жүгіру техникасын жақсарту |
| Серуеннен оралу | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру. Жуыну тәсілдерінде жаттығуды жалғастыру: жеңдерді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолды жұдырыққа қысу. «Балалар қолдарын жуады»суреттерін қарау. Олар бойынша әңгіме. Өзіндік ойын қызметі | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті | «Көңілді оркестр» сюжеттік-рөлдік ойын Біздің оркестр жұмыла ойнайды, ол музыка туралы бәрін біледі, скрипка ақырын ойнайды ол өзіне шақырады… | «Біз таяқтардан құрастырамыз» құрылыс ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту, балалардың логикалық ойлауын дамыту. | «Отбасы. Қарлығаштың туған күні» Мақсаты: жақындарына қамқорлық жасау ниетін тәрбиелеу; өз отбасына деген мақтаныш сезімін дамыту; өз отбасы туралы білімді тереңдету негізінде | Қағаздың әртүрлі түрлерімен тәжірибе жасау. Қайшымен жұмыс Мақсаты: балаларға қағаздың қаттылығы, түсі, пайдалану мақсаты бойынша әр | Ойын-драматизация «Серуендеу» Мақсаты: әр түрлі эмоциялардың көбеюін бекіту: қуану, ләззат алу, таңдану. «Санау және салу» құрылыс ойыны |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: музыкалық есту қиялын дамыту, бейнелеу дағдылары, пантомимикалық мәнерлілік, импровизациялау қабілеті.<br>«Кімнің дауысы» дөңгелек би ойыны<br>Мақсаты: есту қабілетін дамыту, құрдастарының дауыстарын ажырата білу; ойындарға белсенді қатысуға деген ынтаны тәрбиелеу.<br>Көркем шығармаларды тыңдау.<br>Үстел театры | Ауамен тәжірибе (картотека, № 1 тәжірибе)<br>Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау (Оқу).<br>«Гүлзарлардағы гүлдер» дамыту ойыны<br>Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту.<br>«Гүлшек-жетішешек» ертегісін тыңдау | балалардың сөздік қорын жандандыру; сөйлеу арқылы ойын барысында біріге білу; өтініштер білдіру, сұрақтар қою, өз іс-әрекеттерін түсіндіру.<br>Тыныш классикалық музыкамен «Достарға арналған ем» мүсіндеу.<br>Мақсаты: таныс заттардың пішіндерін мүсіндеу, алақандардың арасына дөңгелек қимылмен саз кесектерін илеу, алынған пішінді сақина түрінде бүктеу қабілетін дамыту | түрлі болуы мүмкін екенін көрсету.<br>Кітап бұрышындағы кітаптарды қарау(Оқу) | Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамыту.<br>Көркем шығармаларды тыңдау.<br>Дене шынықтыру бұрышындағы ойын-жаттығулар |
| Балалармен жеке жұмыс | Танымдық және зияткерлік дағдылар<br>Математикадан 5 шегінде санау дағдысын қалыптастыру | Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі.Қайшыны дұрыс ұстау және оларды пайдалану қабілеттерін қалыптастыру | Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар.<br>Гүлді өсімдіктер туралы білімді бекіту | Танымдық және зияткерлік дағдылар<br>Құрылыс материал дарының бөлшектерін дұрыс атай білу қабілетін дамыту | Қарым-қатынас дағдылары<br>жеке жұмыс: «С», «З» дыбыстары |
| Балалардың үйге қайтуы | Ата-аналармен әңгіме «Бір апта ішінде біз не білдік». Баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар. Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгіме. Балалардың жетістіктері туралы әңгіме. Проблемалық жағдайларды шешу. Кеңес «Балалар шкафында не болуы керек және болмауы керек». «Мектепке дейінгі балаларға арналған күн тәртібі» консультациясы. Мақсаты: ата-аналарға мектепке дейінгі ұйымдағы ережелер туралы еске салу | | | | |